

"Ырғыз селолық округі, Ырғыз, Қалыбай, Қалалыкөл селоларының көшелеріне атау беру туралы" 2011 жылғы 30 маусымдағы № 49 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Ырғыз ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 122 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 қазанда № 5102 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Ырғыз ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ырғыз селолық округі әкімінің 2011 жылғы 30 маусымдағы № 49 "Ырғыз селолық округі, Ырғыз, Қалыбай, Қалалыкөл селоларының көшелеріне атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-5-135 тіркелген, 2011 жылғы 23 тамызда аудандық "Ырғыз" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген мемлекеттік тіліндегі шешімнің деректемелерінде, атауында және бүкіл мәтініндегі "селолық", "селоларының", "селосының" сөздері "ауылдық", "ауылдарының", "ауылының" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ырғыз ауылдық округінің әкімі

А. САРИН